

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ  
ҚОРҒАНЫС ҚОРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ МЕН  
АЗАТ ЕТІЛГЕН АУДАНДАРҒА ЖАСАҒАН  
ҚАМҚОРЛЫҚТАРЫ**

**Н.С. АЛИКУЛОВА,**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік*

*мемлекеттік университеті,*

*аға оқытушы, т.ғ.к.*

*Ақтөбе қ., Қазақстан*

Ұлы Отан соғысы жылдарында басқа одақтас республикалар тәрізді Қазақстан халқы өздерінің ауыр тұрмыс-жағдайларына қарамас-тан, майданға және жаудан азат етілген аудандарға материалдық-моральдық жағынан үлкен қолдау көрсетіп отырды. Оның ішінде майдан даласына жақын орналасқан Батыс Қазақстан аймақтарының (Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары) қамқорлығы ерекше болды.

Соғыстың алғашқы күнінен-ақ, батысқазақстандықтар өздерінің соғыс даласындағы ерліктерімен, тылдағы ерен еңбектерімен қатар қосымша қорғаныс қорына өздерінің қаражаттарын, мемлекеттік заем облигацияларын, қымбат, бағалы заттарын да өткізіп отырды.

Отан қорғау қорына арнайы есепшот ашылған күні-ақ, батысқазақстандықтар мемлекеттік банк бөлімшелеріне жеке өз қаражаттарын аудара бастады. Сол алғашқы күні Ақтөбедегі қалалық банкіге 5300 сом, Батыс Қазақстан облысының Бөрлі аудандық банк бөлімшесіне 4361 сом ақшалай және қымбат зат есебінде облигация түскен болатын. Алғашқы бір аптаның ішінде ғана Батыс Қазақстанның Жымпиты ауданының еңбекшілері өз қаражатынан 49 528 сом ақша, жүзден астам мал, 11 мың сомның облигациясын, 200 ц астық, 1 ц сары май өткізсе [1, 151], маңғыстаулықтар 6 ай ішінде қорғаныс қорына 120 мың сом ақша жинап, өздерінің алтын, күмістен соғылған зергерлік бұйымдарын тапсырды [2, 13].

Қорғаныс қорына түсіп жатқан қаржы мөлшері мұқият есепке алынып, оның барысы айына үш рет (әрбір он күн сайын) баспасөз бетінде жарияланып тұрды. Есепке алынған мәліметтер бойынша 1941 жылдың 1 желтоқсанындағы қорғаныс қорына: Ақтөбе облысынан 30594 кг ет, 71956 л сүт, 1773 түйір жұмыртқа, 486 кг жүн, 101 дана қой терісі, 3300 ц астық, 138 ц картоп және 20 ц көкөніс жіберілсе [3, 52], Батыс Қазақстан облысынан 636 мың сом ақша, 433 гр алтын, 15656 гр күміс, 541 гр платина, 264,5 ц сүт өнімдері, 752 ц ет өнімі, 909,8 т астық, 473 кг жүн, 705 дана тері өнімі, 3519 мың сом облигация, салықтан 291 мың сом, сонымен қатар жұмыртқа, брынза, шөп, балық, т.б. ауылшаруашылық өнімдері берілген болатын [4, 6]. Ал 1942 жылы 11 ақпанда Батыс Қазақстан облысы қорғаныс қорына: 327,7 т астық, 79 дана ұсақ тері өнімін, 7 кг май, 74 ц мал етін, және 28 гр алтын, 182 гр күміс, 251 мың сом облигация, танк колоннасын құру үшін мемлекеттік банкке 573 мың сом қаражат аударғаны анықталды [4, 3]. Мұндай игі іс-шаралар Гурьев пен Ақтөбе облыстарында да қызу қарқынмен жүргізілді. 1942 жылғы 2 ақпандағы мәлімет бойынша Ақтөбе облысының совхоздары қорғаныс қорына айлық жалақыларынан 1641 сом ақшалай және сенбіліктер өткізу арқылы 8913 сом ақша аударса [5, 10], Гурьев облысында салынып жатқан Мақат-Қосшағыл теміржол құрылысының бірінші бөлімінің жұмысшылары қорғаныс қорына 2 күндік жалақыларын аударған [6, 3].

Сонымен қатар батыс қазақстандықтар мемлекеттің қорғаныс күшін арттыру, «Қазақстан мұнайшысы», «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан комсомолы», т.б. танк колонналарын жасақтау мақсатында қаржы жинады. 1942 жылы желтоқсанда Гурьев облысы Ескене мұнай кәсіпшілігі мен Мақат ауданы еңбекшілерінің ынтасы бойынша «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын құруға қаржы жинау басталып, бірінші ұжым мүшелері колонна құру үшін 240286 сом ақша жинаса [7, 13], Ақтөбе облысының ұжымшары мүшелері «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын құру үшін Мемлекеттік банкке 1060 мың сом аударған [8, 3].

Мемлекеттік ұйымдар тарапынан халықтың қорғаныс қорына қаржы аударуы қадағаланып, арнайы іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл істің қанатын кеңейту үшін арнайы үгітшілер тобы құрылып, ел ішін аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Барлық облыс орталықтарында үгіт курстарының арнайы жоспары жасақталып, үгітшілерді арнайы курстарда оқытып, тәжірибе алмасты. Тек қана Гурьев облысы бойынша мұнай кәсіпшіліктері мен ұжымшарларда, аудан орталықтарында 43 үгітшілер курсы ұйымдастырылып, онда 1470 тыңдаушы теориялық және практикалық білім алған. Үгітшілер курсының 58%-дан астамы ауыл ұжым мүшелері мен зейнеткерлер құрамынан жинақталған [9, 9]. Үгітшілердің жұмыстарының нәтижесінде қорға ірі көлемде қаржы аударушылардың саны арта түскен. Мәселен, танк колоннасы мен самолет эскадриасын жасақтау үшін 100 және 150 мың сом көлемінде қаржы аударған колхозшылар қатарында Гурьев облысы Новобогат ауданы «Қызыл балық» ұжымшарының төрағасы Құрмашев, сол облыстың «Ракуша» колхозының төрағасы Ж.Наурызбаевтар [10, 6] және Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Сталин атындағы колхоздың меңгерушісі К.Каналиндер болды. Сонымен қатар танк колоннасын жасақтауға Гурьев облысы Бақсай ауданы Павлов атындағы колхоздың төрағасы Константин Александрович Нам 1943 жылы 50 мың сом, 1944 жылы 100 мың сом берсе, Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы «Талпын» колхозының төрағасы Жүсіпқали Оразбеков 75 мың сом, Гурьев облысы «Алғабас» балықшы ұжымшары партия ұйымының хатшысы Сағын Аппатанов және Ақтөбе облысы Алға ауданы Крупская атындағы ұжымшар төрағасы Д.Жиенқұлов 60 мың сомнан аударды [1, 184-186].

Жоғарыдағы деректерге сүйенсек, негізгі көп көлемде ақша аударғандар колхоз төрағалары немесе партия ұйымының хатшылары болды. Сол уақыттағы саяси жұмыстар бойынша ұжымшар басшылары халыққа үлгі-өнеге көрсетуі тиіс болғанымен, кейбір партия ұйымы тарапынан көзбояушылық әрекеттер де кездескен.

Мәселен, Ақтөбе облысы Степной ауданының «Қызыл сай» ұжым-шарында көзбояушылық әрекеттер анықталған. Аудандық партия комитетінің өкілі Сарманов қатысқан ұжымшар басшыларының жиынында «Қызыл сай» ұжым төрағасымен алдынала келісілгендей, өзінің жеке қорынан танк колоннасына 150 мың сом қаржы аударатынын мәлімдеп, бұл іске барлық әріптестерін шақырған. Бірақ мұндай көлемдегі қаржы ұжым төрағасының жеке қорында болмағандықтан, ұжымшар мүлкін пайдаланып, ол ұжымшардың 1 құнажын сиыр, 3 қозылы қой және 4 центнер тұқымдық бидайын 150 мың сомға сатып жібереді. Бұл ақшаны аудандық партия комитетінің хатшысы мемлекеттік банктің бөліміне өткізіп, «Қызыл сай» ұжымшары төрағасы атынан Сталинге жеке қорынан ақша аударғаны туралы жеделхат жібереді. Жіберілген жеделхат 1943 жылдың 23 қаңтарында «Правда», 27 қаңтарда «Актюбинская правда» газеттерінде жарық көреді. Кейін тексеру барысында көзбояушылық әрекет анықталып, ұжымшар төрағасына ұжымшар мүлкін қайтару міндеттеліп, аудандық өкіл хатшылық қызметінен босатылды [11, 29-30]. Мұндай әрекеттер тек Батыс өңірінде ғана емес, республиканың басқа аймақтарында да болғаны туралы деректер мұрағат қорларында кездеседі.

Сонымен бірге қазақстандықтар КСРО ХКК мен БКП(б) ОК-нің 1943 жылғы 21 тамыздағы «Неміс басқыншыларынан азат етілген аудандардың шаруашылығын қалпына келтіру шаралары» қаулысы бойынша [12, 417] азат етілген аудандардың қалаларын, елді мекендерін қалпына келтіру жұмыстарын орындауда белсенділік танытып, КСРО республикалары арасында алғы шепте болды. Қазақстан облыстары 14 гвардиялық дивизия мен әскери бөлімдерді, неміс басқыншыларынан азат етілген 12 қаланы, 45 ауданды, 35 шахтаны өз қамқорлығына алды. Аталған нысандар республиканың барлық облыстарына бөлінді. Оның ішінде Батыс өңірінің Гурьев облысына 195 атқыштар дивизиясы, автоматшылар батальоны; Ақтөбе облысына Дятково қаласы, Орлов облысының үш ауданы; Батыс Қазақстан облысына Почеп қаласы, Орлов облысының үш ауданы, Ленинград облысының азат етілген

аудандарын қамқорлыққа алу міндеттелді. Сонымен қатар республика «Киров» крейсерін, 8-гвардиялық дивизияны және Орлов облысы мен 35 шахтаны қамқорлыққа алды [13, 1-2].

Барлық облыстық атқару комитеттерінде азат етілген аудандарға көмек беру және шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде арнайы қаулылар қабылданып, арнайы комиссиялар құрылды.

Азат етілген аудандарға көмек көрсету үшін жылқы, ірі қара мал, ұсақ мал, құс, тракторлар, автомашиналар, ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандар, өнеркәсіп жабдығы, аяқ киім мен киім-кешек, азық-түлік, медициналық препараттар, дәрі-дәрмектер, көркем әдебиет, оқулықтар мен оқу құралдарын, сондай-ақ әртүрлі мамандықтары бар қызметкер кадрларды бөлу ісі қолға алынды.

Азат етілген аудандарға ең алдымен ауыл шаруашылығының білікті мамандары жіберілді. Мәселен, Гурьев облысынан азат етілген аудандарға 17 адам жолдамамен жіберілсе, оның 2-уі МТС директоры, 6-уы зоотехник, 4-уі агроном, 5-уі ветфельфер болды [14, 14]. Ал Украинаға Ақтөбе облысынан 336 маман кадр жіберілді. Олардың ішінде 63-і партия қызметкері, 79-ы жұмысшы, 158-і ауылшаруашылық маманы, 15-і МТС директоры және 68-і әртүрлі өндіріс орындарының директорлары болды [15, 1].

Батыс өңірінде білікті кадрлардың тапшылығына қарамастан ең тәжірибелі, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мамандар жіберілді [16, 2-3 пп., 6].

Сонымен қатар Батыс Қазақстан облыстары қоршауда болған Ленинград қаласына да үлкен қолдау көрсетіп отырды. 1942 жылғы 4 мамырда Қазақстан К(б)П ОК Ленинградтың қаһарман қорғаушыларына материалдық көмек көрсету туралы арнаулы шешім қабылдады. Азық-түлік пен сыйлық жинау айлығы жарияланды. 1942 жылы 25 мамырдағы мәлімет бойынша Ленинград қаласына Ақтөбе облысы 186 тонна, Гурьев облысы 57,4 тонна, Батыс Қазақстан облысы 70 тонна арнайы сыйлықтар жіберген [17, 25].

Республика бойынша Ленинград қаласына 128 вагон, оның ішінде 1307 тонна түрлі азық-түлік жөнелтілсе, оның 23 вагонын Батыс Қа-

зақстан өңірінен жиналған [17, 3]. Арнайы жиналған сыйлықтарды алып бару құрметіне тек еңбек озаттарынан жасақталған делегациялар ғана ие болды. Мұндай құрметке ие болу еңбекшілердің еңбекке деген ынта-ықыластарын арттырып отырды. 1942 жылы Ленинградқа жіберілген сыйлықтарды КП(б) ОК нұсқаушысы А.Шишларевтің бастауымен 14 облыстан құралған 15 адамнан тұратын делегация жеткізген болатын. Делегация құрамында Батыс Қазақстан өңірінен: Гурьев облысынан Оразов Әбіл – Ескене мұнай кәсіпшілігінің 4-бөлім шебері; Батыс Қазақстан облысынан Донская Зинаида – Фрунзе атындағы ұжымшар сауыншысы; Ақтөбе облысынан Берсиев Шығанақ – Құрман совхозының звено жетекшісі болды.

Мұндай сыйлық тиелген эшелондар мереке, атаулы күндері де аттандырылып отырылды. Республика бойынша 1942 жылдың өзінде-ақ Жаңа жыл, Қызыл Армияның 24 жылдық мерейтойына, 1 мамыр мерекелеріне арналған 432 вагон сыйлық жіберілсе, оның 95 вагонын Батыс Қазақстан өңіріндегі облыстар арнайы жіберді [17, 63, 35].

Қорыта келгенде, соғыс жағдайындағы Батыс Қазақстан облыстарының тұрғындары өздерінің ауыр тұрмыстарына қарамастан, майданды және жаудан азат етілген аудандарды өз қамқорлықтарына алып, оларға қаржылай-заттай, рухани жағынан көмектерін беріп отырды.

Жергілікті жерлерде қаражат жинау, қорға ақша аудару, жүргізілген шараларда асыра сілтеушілік, көзбояушылық әрекеттер де орын алған, бірақ олар белгіленген мақсатқа жетуге кері әсерлерін тигізе алмаған. Сөйтіп, соғыстағы Ұлы Жеңіске аймақ тұрғындары Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп, туған жеріне үлкен патриоттық сезімін таныта білді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.). Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.
2. Боздақтар. Естелік кітабы. Торғай облысы. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995.

3. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты /Ақ. О ММ./. 13-қор, 10-тізбе, 311-іс.
4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты /БҚО ММ./. 850-қор, 1-тізбе, 1143-іс.
5. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты /ҚРО ММ./ 1474-қор, 1-тізбе, 105-іс.
6. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты /Ат.О ММ./ 369-қор, 1-тізбе, 4-іс.
7. Ахметов Қ., Досқалиев Қ. Қазақстан – Сталинград майданының арсеналы. Алматы, 1992.
8. Ақ.О ММ. 13-қор, 11-тізбе, 220-іс.
9. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты /ҚР ПМ./ 708-қор, 5/1-қор, 250-іс.
10. ҚР ПМ. 708-қор, 7/1-тізбе, 667-іс.
11. ҚР ПМ. 708-қор, 7/1-тізбе, 276-іс.
12. Советский Союз в годы Великой Отечественной войне. Москва, 1985. 711 с.
13. ҚР ПМ. 708-қор, 9-тізбе, 1361-іс.
14. Ат.О ММ. 855-қор, 1-тізбе, 244-іс.
15. Ақ.О ММ. 13-қор, 13-тізбе, 371-іс.
16. Ақ.О ММ. 13-қор, 12-тізбе, 397-іс.
17. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1-тізбе, 478-іс.